QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ | WWW.FARABI.UNIVERSITY | №31 (2033) 24 ТАМЫЗ 2026 ЖЫЛ

ҚазҰУ-да үш сайлау учаскесі жұмыс істеді



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау үшін үш дауыс беру учаскесі жұмыс істеді.

№258, №259 және №568 сайлау учаскесінде дауыс беру үшін 1356 адам тіркелген.

Алғашқылардың бірі болып Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев дауыс беріп, өз таңдауын жасады.

Университет қалашығында орналасқан сайлау учаскелерінде бекітілген сайлаушылар тізіміне





сәйкес, жергілікті тұрғындар, ҚазҰУ қызметкерлері мен білім алушылары дауыс беріп, саяси науқанға белсенді қатысты.

Дауыс беру процесі қолданыстағы сайлау заңнамасына сәйкес ұйымдастырылды. Сайлаушылардың өз таңдауын еркін жүзеге асыруы үшін барлық қажетті жағдай жасалды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



ЖИ инновациялары халықаралық симпозиумы өтті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Қытай-Қазақстан интеллектуалды есептеу және жасанды интеллект инновациялары» тақырыбында халықаралық симпозиум ұйымдастырылды.

Қаз ҰУ мен Қытай компьютер федерациясының (CCF) бірлесуімен өткен ауқымды шараға отандық және шетелдік ғылыми қауымдастық өкілдері, IT-мамандар мен халықаралық сарапшылар қатысты.

Симпозиумның ашылуында сөз алған ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев бұл жиынның Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанды цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні кеңінен қолданатын елге айналдыру жөніндегі стратегиялық тапсырмасын жүзеге асырудағы маңызына тоқталды.

«ҚазҰУ мен Қытай компьютер федерациясы арасындағы ынтымақтастық жүйелі түрде дамып келеді. Өткен жылы делегациямыз Харбин қаласындағы Ұлттық компьютер конгресіне қатысса, биыл сәуір айында университет базасында Қытай компьютер федерациясының Алматыдағы өкілдігі ресми түрде ашылды. Бүгінгі симпозиум осы жемісті әріптестіктің заңды жалғасы», – деп атап өтті ректор.



Өз кезегінде CCF төрағасының орынбасары Хай Цзинь екі елдің ғылыми-технологиялық әлеуетін жоғары бағалап, ЖИ технологияларын дамытуда бірлескен зерттеулер жүргізу мен жас ғалымдарды даярлаудың өзектілігін тілге тиек етті.

Жиын барысында сарапшылар ЖИ саласындағы соңғы ғылыми әзірлемелер мен тәжірибелік жобаларды таныстырып, олардың экономика мен қоғам дамуына ықпалын саралады. Әсіресе үлкен тілдік модельдер (LLM), агенттік жүйелер және ЖИ-ді медицина мен ауыл шаруашылығында қолданудың нақты жолдары кеңінен талқыланды.

Симпозиум жұмысы сарапшылардың қатысуымен өткен дөңгелек үстел мен арнайы секциялық семинарлармен жалғасты.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

2-3 беттер
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ:
Алтын Орда – заманауи қазақ мемлекеттілігінің тарихи бастауы



3-бет
Жатақханалардағы жөндеу жұмыстары пысықталды



6-бет
Первый министр сельского хозяйства Алашорды



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректоры, академик

Алтын Орда – заманауи қазақ мемлекеттілігінің тарихи бастауы

Жошы Ұлысы мен Алтын Орда тарихы – ұлттық жылнамамызбен қатар, бүкіл Еуразия кеңістігінің геосаяси, экономикалық және мәдени бейнесін айқындаған жаһандық тарихтың ажырамас бөлігі. Бүгінгі таңда бұл тақырып өткенге тағзым ету мен тарихи жаңғырту шеңберінен шығып, заманауи Қазақстанның тәуелсіздігін, геосаяси бірегейлігін және ұлттық қауіпсіздігін ғылыми негізде бекемдейтін теориялық-әдіснамалық тұғырға айналды.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Алтын Орда – дала өркениетінің үлгісі: тарих, археология, мәдениет, бірегейлік» атты халықаралық симпозиумда бұл тақырыптың өзектілігі ешқашан жоғалмайтынын атап көрсетіп, отандық ғылыми қауымдастық алдына стратегиялық міндет қойды. Президент Алтын Орда тарихын тек әскери-саяси экспансия тұрғысынан бағалайтын тар шеңбердегі парадигмадан бас тартып, оны тұтас өркениеттік модель, институционалдық құрылым және Еуразияның коммуникациялық инфрақұрылымын қалыптастырған кешенді феномен ретінде зерделеуді тапсырды. Осы орайда, Жошы Ұлысының мемлекеттік басқару жүйесін, дипломатиялық қағидаттарын, қаржы-экономикалық құрылымын, зияткерлік және рухани-мәдени мұрасын жаңа академиялық әдістер арқылы кешенді талдау отандық ғылымның басты басымдығы болып белгіленді.

Бұл стратегиялық міндеттің салмағы мен өзектілігі бірнеше іргелі деңгейден туындайды.

Біріншіден, мемлекеттік және институционалдық сабақтастық. Алтын Орда – заманауи қазақ мемлекеттілігінің тікелей тарихи, саяси және құқықтық бастауы. Жошы хан ұрпақтары – Орда Ежен, Бату, Берке, Шайбан, Тоқа-Темір негізін қалаған саяси құрылымдар мен әкімшілік-территориялық жүйе Ақ Орда мен Көк Орда арқылы заңды түрде Қазақ хандығына ұласты. Керей мен Жәнібек хандар қазақ этносының ұлттық сипаттағы мемлекеттілігінің туын көтергенде осы этносаяси сабақтастықты жаңа сапалық деңгейге шығарды. Бүгінгі таңда жалпыұлттық референдумда қабылданған Конституциямызда Ұлы даланың тарихи сабақтастығын сақтау мен дамыту қастерлі конституциялық міндет ретінде бекітілуі – мемлекеттілігіміздің тамыры тереңде жатқанының заңнамалық айғағы.

Екіншіден, идеологиялық догмаларды еңсеру және академизмді қалпына келтіру. Отаршылдық пен кеңестік тарихнамада саяси конъюнктура салдарынан Жошы Ұлысы тек «қиратушы көшпелі империя» ретінде бұрмаланып, далалық саяси жүйе институционалдық мемлекет деңгейіне жетпеген құрылым ретінде сипатталды. Қазіргі отандық және шетелдік академиялық ғылым бұл догманы фундаменталды деректермен теріске шығаруда. Заң үстемдігінің көрінісі («Ұлы Яса»), орталықтандырылған ақша-несие және салық саясаты, дипломатиялық иммунитет, «Ям» жүйесі сияқты тиімді байланыс пен логистика институты, Құрылтай сияқты өкілетті органдар, меритократия қағидаты және діни-этникалық конфессионалдық төзімділік – мұның бәрі Жошы Ұлысының өз дәуіріндегі ең озық мемлекеттік модель болғанын дәлелдейді.

Үшіншіден, геосаяси контекст және ғылыми дипломатия. Алтын Орда мұрасы – Еуразия аумағындағы ірі халықтардың ортақ тарихи-мәдени қазынасы. Бүгінгі таңда бұл тарихи мұраны бөлшектеу немесе текетірес құралына айналдыру емес, керісінше, халықаралық ғылыми интеграция мен «жұмсақ күш» механизмі ретінде пайдалану – академиялық дипломатияның негізгі миссиясы. Мемлекет басшысы атап өткендей, тарих халықтарды бөлетін тартыс майданы емес, мемлекеттерді жақындастыратын, бейбітшілік пен әріптестікті нығайтатын алтын көпір болуы тиіс.

Төртіншіден, ұлттық идеология және қоғамдық сұраныс.

Жаһандану дәуірінде ұлттық менталды иммунитетті сақтау, өскелең ұрпақтың тарихи санасы мен патриоттық дүниетанымын қалыптастыру тікелей осы фундаменталды зерттеулерге байланысты. Қазақстанның мемлекеттік бірегейлігі мифтерге емес, бұлтартпас ғылыми-академиялық фактологияға, археологиялық және деректанулық дәйектерге сүйенгенде ғана сыртқы идеологиялық экспансияларға төтеп бере алады.

ДЕРЕК ПЕН ПАЙЫМ: ҚАЗҰУ-ДЫҢ ІРГЕЛІ ҒЫЛЫМҒА ҚОСҚАН АКАДЕМИКАЛЫҚ ҮЛЕСІ

Тәуелсіздік жылдарында Жошы Ұлысын зерделеу саласы сапалық тұрғыдан жаңа академизм деңгейіне көтерілді. Мемлекеттік қолдаудың арқасында арнайы Жошы Ұлысын зерделеу ғылыми-зерттеу институты құрылып, Қазақстан тарихының академизм талаптарына сай көптомдығында алғаш рет Алтын Орда дәуіріне жеке тұтас том арналды. Отандық ғалымдардың монографиялары мен ізденістері Scopus, Web of Science сияқты халықаралық рецензияланатын ғылыми басылымдарда жарық көріп, этногенез, этносаяси құрылым, институционалдық сабақтастық мәселелері жаңа әдіснамалық платформада қайта сарапталуда.

Мемлекеттік маңызы бар бұл ғылыми бетбұрыста ұлт зиялылары мен білімнің қара шаңырағы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті айрықша рөл атқарады. Университеттің оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми орталықтары бұл бағытты кешенді түрде жүргізіп келеді. Соңғы жылдардың өзінде ҚазҰУ ғалымдары тарапынан Алтын Орданың тарихы, археологиясы, сондай-ақ халықаралық қатынастарына қатысты 70-тен астам фундаменталды ғылыми мақала халықаралық базаларда жарық көрсе, 10-нан астам академикалық монография жарияланды.

ҚазҰУ археологтары Жошы Ұлысының далалық қана емес, жоғары дамыған қалалық және қолөнерлік өркениет болғанын бұлтартпас фактілермен дәлелдеп келеді. Профессор Мадияр Елеуовтің жетекшілігімен Сыр өңірінде жүргізілген экспедициялар нәтижесінде Ақтөбе, Қызылқала, Түймекент және Қойшыман қалашықтарында кешенді қазба және реставрациялық-қорғау жұмыстары жүзеге асырылды. Әсіресе Қойшыман қалашығында жүргізілген зерттеулер бұл орталықтың негізі Алтын Орда дәуірінде қаланып, кейіннен Қазақ хандығының маңызды саяси-сауда және әкімшілік орталығы ретінде қызметін үздіксіз жалғастырғанын айқындады. Бұл – далалық өлкедегі қалалық мәдениеттің үзілмеген сабақтастығын көрсететін бағалы археологиялық аргумент.

Осы зерттеулерді ғалым Ералы Ақымбек Талас-Шу өңіріндегі ортағасырлық төрткүлдер мен қоныстарды зерделеу арқылы одан әрі тереңдетті. Оның ғылыми ізденістері аймақтың урбанизациялану динамикасын, хронологиялық кезеңдерін және Сырдария мен Талас-Шу бассейндеріндегі қалалық жүйенің өзара интеграциясын кешенді түрде салыстырмалы талдауға мүмкіндік тудырды.

Университеттің академикалық мектебі Жошы Ұлысының сыртқы және ішкі саяси институттарын талдауда тың деректерді ғылыми айналымға қосты.

ҚР ҰҒА академигі Берекет Кәрібаев XIV-XV ғасырлардағы Жошы Ұлысының ыдырау кезеңіндегі этносаяси трансформациялар мен Қазақ хандығының құрылуы арасындағы институционалдық және заңнамалық сабақтастықтың іргелі концепциясын ұсынды.

Профессор Қалқаман Жұмағұлов Ватиканның сирек қолжазбалар қоры мен Италия мұрағаттарынан табылған латынша түпнұсқа деректерді ғылыми айналымға енгізу арқылы XIII-XIV ғасырлардағы Алтын Орданың Батыс Еуропа мемлекеттерімен өрбіткен саяси-дипломатиялық, геоэкономикалық байланыстарының белгісіз қырларын ашты.

Ғалым Меңдігүл Ноғайбаева Ұлыстағы этникалық үдерістерді, далалық ақсүйектер институты мен Шыңғыстық легитимация концепциясының өзара ықпалдастығын саралап, мемлекеттің ішкі саяси тұрақтылық механизмін айқындады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарихшы ғалымдары Мемлекет басшысының тапсырмасымен жазылып жатқан жеті томдық Қазақстан тарихының академиялық басылымының әр томына, оның ішінде Жошы Ұлысы, Алтын Орда, Қазақ хандығы секілді күрделі бөлімдерінің жазылуына белсене атсалысып, өзіндік үлестерін қосты. Академик Берекет Кәрібаев пен доцент Күлғазира Балтабаева осы академиялық басылымның жалпы редакциялық алқасының мүшесі ретінде әр томның ғылыми жағынан әрі сапалы, әрі мазмұнды болуында белсенділік көрсетті.

Демек, ҚазҰУ ғалымдарының бұл іргелі зерттеулері Жошы Ұлысы тарихын жаңа ғылыми парадигмада қайта сараптауға жол ашып, ұлттық ғылымның халықаралық авторитетін арттыруға қызмет етеді.

ТАРИХТЫ ЗЕРДЕЛЕУДЕ ДЕ ЖАҢА ӘДІСНАМАҒА КӨШЕТІН УАҚЫТ ЖЕТТІ

Жошы Ұлысы тарихын сапалық жаңа академикалық деңгейге көтеру ең алдымен деректанулық базаны жүйелеуден басталуы тиіс. Осы орайда, парсы, араб, шағатай, латын, армян, қытай және көне славян жазба ескерткіштеріндегі деректерді қазақ тіліне ғылыми-академиялық түсініктемелермен аудару – уақыт күттірмейтін міндет. Мемлекет пен ұлыс хандарының жарлықтары мен дипломатиялық хат-хабарларының бірыңғай академикалық корпусын құру отандық деректану мектебін қалыптастыруға жол ашады.

Бұл іргелі ізденістер өз кезегінде көмекші тарихи пәндерді жаңғырту қажеттігін алға тартады. Атап айтқанда нумизматика, эпиграфика, сфрагистика мен палеография бағыттары бойынша арнайы маман даярлауды жеделдетудің маңызы зор. Егер Алтын Орданың қаржы-ақша жүйесін, соғылған тиындардағы бедерлер мен тастағы жазуларды түпнұсқада игере алсақ, бұл тарихи шын-

дықты қалпына келтіруге тың серпін береді.

Осымен қатар, институционалдық және геоэкономикалық тарихты зерделеуде де жаңа әдіснамаға көшетін уақыт жетті. «Ұлы Яса» заңдар жинағы мен ислам құқығының далалық қоғамдағы үйлесімі, Құрылтай институты, мемлекеттік іс жүргізу мен «Ям» байланыс жүйесін, сондай-ақ салық саясатын талдауда бұрынғы дескриптивті, яғни жалаң сипаттау тәсілінен арылып, цифрлық және математикалық модельдеу методологиясына ойысқанымыз абзал.

Әрине, аталған ауқымды міндеттердің барлығы дерлік сапалы кадрлық әлеуетке келіп тіреледі. Ортағасырлық шығыс және батыс тілдерін еркін меңгерген маман-деректанушыларды тәрбиелеу үшін арнайы мақсатты магистратура мен докторантура бағдарламаларын ашып, шетелдік жетекші ғылыми орталықтармен тұрақты тағылымдама алмасуды мемлекеттік деңгейде жолға қою – бүгінгі күннің басты талабы.

Сонымен бірге осы зерттеу нәтижелерін халықаралық академикалық айналымға жылдам интеграциялау үшін бірыңғай цифрлық инфрақұрылым құру қажет. Алтын Орда дәуіріне қатысты барлық жазба деректердің, археологиялық жәдігерлер мен сәулет ескерткіштерінің ашық цифрлық реестрін жасау отандық ғылымның жетістіктерін әлемдік кеңістікке танытуды жеңілдетеді.

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРДЫ АРШУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Жошы Ұлысы мен Алтын Орда тарихын зерделеу – заманауи Қазақстанның сол ұлы өркениеттің тікелей мұрагері екенін ғылыми негізде мойындату және осы қастерлі тарихи сананы келешек ұрпақтың бойына дарыту. Бұл – ұлттық қауіпсіздік пен мемлекеттік бірегейлікті бекемдеудің басты іргетасы.

Жақында сарапшылар мен ғалымдар бас қосқан «Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұрасын зерттеудің перспективті бағыттары» тақырыбындағы кеңейтілген отырыста осы өзекті мәселелер жан-жақты сарапқа салынды. Осыған дейін әр ғалым немесе әр мекеме зерттеу жұмыстарын жеке-дара жүргізіп келсе, ендігі жерде отандық ғылымға пәнаралық сипаттағы кешенді интеграция ауадай қажет.

Осы орайда, көршілес Татарстан Республикасының тәжірибесі ой салады. Оларда ғылыми қауымдастық жұмыла отырып, «История татар» атты жеті томдық фундаменталды академикалық еңбек жазып шықты. Соған қарап, бізге де тарихымызды жүйелеп, осындай сүбелі академикалық жинақтарды әзірлеу үшін тарихшылар, археологтар, этнологтар, филологтар мен генетиктердің басын біріктіретін ортақ ғылыми кластер құру қажеттілігі анық байқалады.

Әсіресе ортағасырлық урбанизация мен археология саласы бойынша айтар болсам, елімізде зерттеуді күтіп жатқан орасан тарихи кеніштер баршылық. Мен қызмет еткен Оңтүстік Қазақстан өңірінде, қазіргі Түркістан облысында 20-дан астам ортағасырлық шаһардың орны орналасқан. Бағзыдан белгілі Отырардың өзінде қазіргі күні негізінен Цитадель бөлігі ғана қарастырылған болса, аумағы 500 гектарды құрайтын Сауран, көне Исфиджаб маңындағы Отырардан кем түспейтін Ханқорған, сонымен қатар Сидак сияқты көне қалаларымыз әлі де терең, ауқымды қазба жұмыстарын толыққанды күтіп тұр. Өкінішке қарай, біз әлі күнге дейін бұл қалалардың тек суреттері мен сыртқы сұлбасын көрсетумен ғана шектеліп келеміз.

Көршілес Өзбекстанның Самарқан, Бұқара, Үргеніш сияқты тарихи қалаларындай сәулеттік ескерткіштерімізді сақтап қала алмадық, елімізде сол дәуірден бүтін жеткен бірегей нысан – Әзірет Сұлтан, Ясауи кесенесі екені жасырын емес. Сондықтан Мемлекет басшысы отандық ғылымға барынша қолдау көрсетіп отырған қазіргі тарихи сәтте осы көне қалалардың орнын аршып, оларды ашық аспан астындағы музей-кешендерге айналдыру – мемлекеттік деңгейдегі міндет. Мұнда салалық министрліктер, жергілікті әкімдіктер мен өңірлік университеттер, Алматы мен Астанадағы ірі академикалық орталықтармен күш біріктіріп, әр облыс өз аймағындағы тарихи жәдігерлерді қайта жаңғыртуға жауапкершілікпен қарауы тиіс.

Бүгінгі таңда ортағасырлық археология саласында саусақпен санарлық қана ғалымдарымыз қалғаны қынжылтады. Жақында 80 жасқа толған Мадияр Елеуұлы, сондай-ақ Зейнолла Самашев, Бауыржан Байтанаев сияқты аға буынның орнын басатын жас археологтар мектебін қалыптастыру кезек күттірмейтін мәселе. Осыған байланысты өңірлік университеттер жанынан археология және этнология бөлімдерін ашып, олардың базасын күшейту, сондай-ақ қазба жұмыстарына танымал шетелдік археологтарды кеңінен тарту арқылы отандық мектептің әлемдік танымалдылығын арттыра аламыз.

Президенттің Алтын Орда тарихын зерделеуге қатысты бастамасы – біз үшін үлкен бағдар. Алайда біз бұл қозғалысты одан әрі тереңдетіп, Алтын Ордадан арғы дәуірлерге де пәнаралық кешенді зерттеулер жүргізуіміз керек. Орта түркі, көне түркі, ғұн және сақ дәуірлерінің тарихи қабаттарын қайта сараптау – біздің төл парызымыз. Мысалы, сақ дәуірін сөз еткенде көбіне Шығыс Қазақстандағы немесе Есіктегі «Алтын адам» табылған обалармен ғана шектелеміз. Ал іргедегі Кеген өңірінде күрек тимеген 20-ға жуық Сақ обасы тұр. Жетісудағы Лепсінің жоғарғы таулы қырқаларында, теңіз деңгейінен 3-4 мың метр биіктікте тастан үйілген, ені 50 метрден асатын үлкен Сақ қорғаны мен ханзадалардың ондаған обалары жатыр. Осындай игерілмей жатқан тарихи қазыналарымызды ғылыми айналымға қосу – отандық академикалық ғылымның алдында тұрған басты меже. Отандық ғылыми қауымдастық, жоғары оқу орындары және келешек ғалымдар бұл іске ортақ жауапкершілікпен қарап, ұлттық тарихи сананы жаңғырту жолында абыроймен еңбек етеді деп сенемін.

Жатақханалардағы жөндеу жұмыстары ПЫСЫҚТАЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев қалашықтағы жатақханаларды аралап, ағымдағы жөндеу жұмыстарымен танысты.



Студенттер үйін аралау барысында оқу орнының басшысы ғимараттардың жалпы ахуалын, студенттерге жасалып жатқан тұрмыстық жағдайларды және жөндеу жұмыстарының сапасын тексерді. Жансейіт Түймебаев бөлмелер мен дәліздердің жай-күйіне назар аударып, анықталған мәселелерді жедел шешу бойынша жауапты мамандарға нақты тапсырмалар берді.

Қазіргі уақытта университет қалашығындағы барлық жатақханаларда жаңа оқу жылына дайындық аясында жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Студенттер үйінің сыртқы қасбеті жаңартылып, барлық бөлменің қабырғалары қайта сыланып, әрленді. Фойелердегі және бөлмелердегі линолеум төсеніштері толық ауыстырылуда. Су құбыры мен кәріз жүйесі монтаждалып, инженерлік, санитарлық-техникалық жабдықтар жаңартылды.

Жансейіт Түймебаев жөндеу жұмыстары жаңа оқу жылы басталмай аяқталуы қажет екенін тапсырып, білім алушы жастардың қауіпсіз әрі жайлы ортада тұруын қамтамасыз ету маңызды екенін айтты. Сондай-ақ өз сөзінде ректор жөндеу жұмыстарын сапалы жүргізуді міндеттеді.





Археологтар көне «Бірлік» қалашығын зерттеуде

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археологиялық экспедициясы Түркістан облысы Бәйдібек ауданында орналасқан ортағасырлық қалашықта далалық зерттеу жұмыстарын жүргізді. Алдын ала ғылыми деректер бойынша, бұл археологиялық ескерткіш V-XVII ғасырларды қамтиды және Қаратаудың оңтүстік өңіріндегі қала мәдениетінің көпғасырлық эволюциясын айшықтайды.



Археологиялық экспедиция жетекшісі, тарих ғылымының докторы, ҚазҰУ профессоры Досбол Байғұнақовтың айтуынша, жергілікті тұрғындар қалашықты «Ақтөбе» деп атап кеткен. Алайда мұндай атауға ие археологиялық ескерткіштер көп болғандықтан, зерттеушілер тарихи ескерткішке «Бірлік» атауын берген.

«Қалашықты археолог Н.П.Подушкин 1962 жылы ашқан. Алайда бүгінге дейін мұнда ауқымды археологиялық қазба жұмыстары жүргізілмеген. Ескерткіш ішкі қамалдан, шахристаннан және рабадтан тұрады. Рабад аумағы ауыл шаруашылығы жұмыстарының салдарынан едәуір бұзылған, ал шахристанның бір бөлігін зират алып жатыр», – дейді Досбол Байғұнақов.

Далалық зерттеу жұмыстары барысында ҚазҰУ археологтары шахристан мен ішкі қамал аумағында қазба жұмыстарын жүргізді. Зерттеу кезінде тұрғын үй орындарының, қорған қабырғасы мен мұнараның қалдықтары, ошақтар, қыш бұйымдар, диірмен тастары, жануар сүйектері және басқа да археологиялық материалдар табылды. Төменгі мәдени қабаттардан қаңлы дәуіріне жататын қолдан жасалған қыш ыдыстардың фрагменттері анықталды. Ал дамыған орта ғасырлар кезеңінің қабаттарынан, соның ішінде қараханидтер мен оғыздар дәуіріне тән жылтыратылған қыш бұйымдардың көптеген сынықтары табылды.

Зерттеушілердің пікірінше, қалашық тұрғындары негізінен ауыл шаруашылығымен айналысқан. Сондай-ақ табылған жәдігерлер қала тұрғындарының Отырар мен Түркістан маңындағы елді мекендермен, сондай-ақ басқа да тарихи-мәдени өңірлермен тығыз әлеуметтік-экономикалық байланыста болғанын аңғартады.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

XXI ғасыр – цифрлық технологиялар ғасыры. Бүгінде әлем елдері экономиканың, өндірістің, ғылым мен білімнің жаңа кезеңіне қадам басып, жасанды интеллект пен ақпараттық технологияларды дамытуды ұлттық басымдықтардың біріне айналдырды. Цифрлық шешімдер адам өмірінің барлық саласына терең араласуда, қоғамның даму қарқынын жаңа деңгейге көтеруде. Осындай өзгерістер білім беру жүйесіне де жаңа талаптар қойып отыр. Ең алдымен еңбек нарығына заманауи технологияларды меңгерген, жаңаша ойлайтын және халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті мамандар қажет.

Цифрлық дәуірдің қарқынды дамуы



Қазақстан да бұл үдерістен шет қалған жоқ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамаларында цифрландыру мен жасанды интеллектіні дамыту мәселелері ерекше назарға алынып келеді. Ел экономикасын әртараптандыру, инновациялық экожүйені қалыптастыру және жоғары технологиялық өндірістерді дамыту бағытындағы жұмыстар білім беру саласына тың серпін берді. Осыған сәйкес, жоғары оқу орындары да заман талабына сай мамандар даярлау ісін күшейтіп, білім беру бағдарламаларын жаңғыртуда.

Соңғы жылдары талапкерлердің ақпараттық технологиялар мен жасанды интеллект бағытындағы мамандықтарға қызығушылығы айтарлықтай артқаны байқалады. Бұрын бұл салалар тек белгілі бір топтың таңдауы ретінде қарастырылса, бүгінде олар ең сұранысқа ие мамандықтардың қатарына енді. Себебі цифрлық экономика дәуірінде деректер талдаушылары, киберқауіпсіздік мамандары, жасанды интеллект инженерлері мен робототехника саласының кәсіби кадрларына қажеттілік күн санап өсіп келеді. Сондай-ақ елімізде цифрландыру процесі жоспарлы түрде дамуда. Іске асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалардың ішінде «Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект» бағыты айрықша орын алды.

«XXI ғасыр – цифрлық экономика ғасыры» деп айтуға толық негіз бар. Себебі мемлекеттердің дамуы олардың жаңа технологияларды меңгеру деңгейімен тікелей байланысты. Осы талаптарға сай, 2018 жылдың 15 қаңтарында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультеті ашылып, Қазақстанды цифрландыру міндет-мақсатына өз үлесін қосып келеді. Факультеттің басты мақсаты – Қазақстандағы және әлемдік еңбек нарығындағы сұранысқа сай бәсекеге қабілетті, кәсіби IT мамандарды даярлау. Қазіргі жаһандану кезеңінде ақпараттық технологиялар мен жасанды интеллект адам өмірінің барлық саласына еніп, стратегиялық маңызы бар салалардың бірі ретінде жасанды интеллектіні қолдану мемлекеттік басқару, өндіріс, қауіпсіздік және ғылымда жаңа мүмкіндіктерге жол ашып отыр. 2025 жылғы 8 қыркүйекте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына жолдауын жариялады. Бұл маңызды құжат елдің дамуындағы цифрлық трансформацияның стратегиялық бағыттарын айқындап, жасанды интеллектіні дамытудың нақты басымдықтарын көрсетті. Жолдауда кадр даярлау, ұлттық технологиялық инфрақұрылымды жетілдіру, ғылым мен инновацияны дамыту, цифрлық қауіпсіздікті күшейту және ЖИ негізіндегі жаңа салаларды қалыптастыру мәселелері ерекше атап өтілді. Осыған орай, еліміздегі жетекші университеттер жаңа бағыттағы факультеттер ашып, білім беру жүйесін заманауи талаптарға бейімдей бастады. Соның бірі – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ақпараттық технологиялар факультеті 2025 жылдың қыркүйек айында ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультеті болып атауын өзгертті. Қазіргі таңда факультетте бакалавриат, магистратура, докторантура бағыттары бойынша мамандар даярланады.

Факультет құрамында төрт негізгі кафедра жұмыс істейді. Компьютерлік ғылымдар кафедрасы, Ақпараттық жүйелер кафедрасы, Киберқауіпсіздік және криптология кафедрасы. Жаңа оқу жылы қарсаңында факультет талапкерлер арасында ерекше сұранысқа ие білім ордаларының біріне айналды. Биыл факультетке мемлекеттік білім гранты негізінде 275 студент қабылданды. Бұл көрсеткіш факультеттің білім беру сапасына деген сенімнің жоғары екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Цифрлық дәуірдің қарқынды дамуы ақпараттық технологиялар, жасанды интеллект, киберқауіпсіздік салаларындағы мамандарға деген сұранысты арттырып отыр.

Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультеті бүгінде еңбек нарығының талаптарына сай мамандар даярлауға басымдық береді. Білім алушылар заманауи зертханаларда тәжірибе жинақтап, халықаралық деңгейдегі жобаларға қатысуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар оқу үдерісінде жасанды интеллект технологиялары, деректерді талдау, бағдарламалау, робототехника және ақпараттық қауіпсіздік бағыттары кеңінен қамтылған. Грант иегерлері санының артуы – факультеттің ғылыми әлеуеті мен оқытушы-профессорлар құрамының кәсіби біліктілігінің нәтижесі. Бұл көрсеткіш жастардың технологиялық мамандықтарға деген қызығушылықтың жылдан-жылға өсіп келе жатқанына дәлел.

Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультеті – болашақтың мамандарын даярлайтын, инновация мен білімді ұштастырған заманауи білім беру орталығы. Бүгінгі таңда осы факультетті таңдаған талапкерлер ертеңгі цифрлық қоғамның көшбасшыларына айналуға қадам жасауда. Жаңа оқу жылында факультет қатарына қосылған барлық грант иегерлерін құттықтай отырып, оларға білім мен ғылым жолында толағай табыс тілейміз. Болашақтың технологиялық жетістіктері дәл осы жас мамандардың қолымен жүзеге асатынына сенім мол.

Гүлнұр ҒАЗИЗҚЫЗЫ,
PhD, ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультетінің әлеуметтік-тәрбие жөніндегі декан орынбасары

Тарихты таныған ұрпақ ел үшін қызмет етеді





Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ түлектері – білім мен біліктіліктің, ұлттық құндылық пен заманауи ойлаудың жарқын үлгісі. 2026 жыл – тарих факультеті үшін тағы бір жарқын белес. Биылғы түлектер – тарихи білімді терең меңгерген, ғылыми ізденіске бейім, ұлттық мұраны құрметтейтін әрі жаһандық үдерістерді саралай алатын жаңа буын мамандар. Менің жетекшілігіммен дипломдық жұмыстарын өте жақсы деңгейде қорғаған бітірушілеріміз Айзере Өтемісова мен Арнұр Жекен отандық тарих ғылымының болашағы. «Ғылым ордасы» ШЖҚ РМК Қазақстан ғылымының тарихы музейінің басшысы Назира Дүйсембаева жұмыс беруші ретінде тарих факультетінің түлегі Айзере Өтемісованы ғылыми қызметкер ретінде жұмысқа алды.

Қазақстандағы тарих ғылымының қалыптасуы мен дамуына өлшеусіз үлес қосқан тарих факультеті бүгінде өзінің көпжылдық дәстүрін сақтай отырып, заман талабына сай білім беру мен ғылыми зерттеулерді ұштастырып келеді. Факультетте Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, археология, этнология, музей ісі, архивтану, деректану сияқты бағыттар бойынша жоғары білікті мамандар даярланады. Оқу үдерісі тәжірибемен жалғасып, студенттердің кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға ерекше мән беріледі.

Түлектер – тәуелсіз Қазақстанның тарихи санасын қалыптастыруға үлес қосуға дайын жас зерттеушілер мен кәсіби мамандар. Олар оқу барысында архивтерде, музейлерде, археологиялық экспедицияларда, ғылыми-зерттеу орталықтарында тәжірибе жинақтап, дерекпен жұмыс істеудің, тарихи талдау жасаудың және ғылыми пікір қалыптастырудың заманауи әдістерін меңгерді.

Факультет қабырғасында қалыптасқан ғылыми орта, тәжірибелі оқытушы-профессорлардың тәлімгерлігі және академиялық еркіндік жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуға кең мүмкіндік берді. Студенттер республикалық және халықаралық ғылыми конференцияларға қатысып, ғылыми мақалалар жариялап, академиялық ұтқырлық бағдарламалары арқылы шетелдік жоғары оқу орындарында білімдерін жетілдірді.

Бүгінгі түлек тек тарихшы ғана емес, ол – зерттеуші, сарапшы, педагог, архивист, музей маманы, мәдени мұраны қорғаушы, мемлекеттік қызметкер әрі қоғамның тарихи жадын қалыптастыруға үлес



қосатын интеллектуал тұлға. Тарих факультетінің түлектері білім беру ұйымдарында, ғылыми-зерттеу институттарында, архивтер мен музейлерде, мемлекеттік басқару жүйесінде, халықаралық ұйымдарда және мәдениет саласында табысты еңбек етуге қажетті кәсіби даярлыққа ие.

2026 жылғы түлектер – өз мамандығын жүрек қалауымен таңдаған, ұлттық тарихқа құрметпен қарайтын, тарихи ақиқат пен ғылыми адалдық қағидаттарын ұстанатын жас буын. Олар өткенді тану арқылы болашақты бағамдайтын, тарихи мұраны сақтай отырып, қоғамның зияткерлік дамуына үлес қосатын азаматтар ретінде қалыптасты.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультеті әрдайым өзінің түлектерімен мақтанады. Себебі бұл оқу орнын тамамдаған әрбір жас маман – білімнің, мәдениеттің және ұлттық рухтың жаршысы.

Ләйла ХАСАНАЕВА,
Қазақстан тарихы кафедрасының ассистент-профессоры

Жоғары мектептерде

психологиялық қолайлы орта қалыптастырудың маңызы

Жоғары білім беру мекемелері мен ғылыми орта аса күрделі, көпдеңгейлі және көпфункционалды жүйе болып саналады. Оның маңызды құрамдас бөліктерінің бірі – психологиялық құрауыштар мен аспектілер. Психологиялық бөлікке білім беру үдерісіне қатысушылардың эмоционалдық ахуалы, субъективтік сезімі, өзара қарым-қатынас, сондай-ақ олардың қауіпсіздік пен қолайлылықты қалай бағалауы жатады. Психологиялық тұрғыдан қолайлы ортаны құру – бұл тек педагогикалық-психологиялық мәселе емес, бұл қоғамдық денсаулық, білім сапасы және ұлттық адам капиталының дамуы тұрғысынан стратегиялық маңызға ие міндет.



Педагогикалық және ғылыми қызмет ерекше эмоционалдық және интеллектуалдық жүктememен байланысты. Зерттеулер көрсеткендей, педагогтар мен ғалымдар кәсіби стрестің жоғары деңгейіне жиі ұшырайды. Кәсіби сарқылып қажу (выгорание) феномені ғылыми-педагогикалық ортада ерекше кең таралған. Американдық психолог Кристина Маслач тұжырымдамасы бойынша, қажу, «жанып күйіп кету» моделі үш құрамнан тұрады:

1. Эмоционалды сарқылу;
2. Деперсонализация (адамдарға деген теріс, немқұрайды көзқарас); Деперсонализация қазіргі уақытта «цинизм» ұғымымен алмастырылуда. Оның дегуманизацияға (мейірімсіздікке) айналу қаупі бар.
3. Кәсіби жетістіктердің төмендеуі.

Жалпы, психологиялық қолайлы орта осы үш компоненттің дамуына кедергі жасайды. Қолдау, ашықтық, кері байланыс және рефлексия жағдайында педагог өзінің кәсіби және жеке ресурстарын уақтылы қалпына келтіре алады.

